

## Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің орман және аңшылық шаруашылығы комитеті туралы ережені бекіту туралы

### Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 8 шілде N 1072. Күші жойылды - ҚРУ-нің 1998.04.22. N 382 қаулысымен. ~P980382

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1997 жылғы 8 шілдедегі  
N 1072 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы  
министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы  
комитеті туралы  
ЕРЕЖЕ

#### I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті (бұдан әрі - Комитет) республиканың орман қорына, орман және аңшылық шаруашылығында, өз қарауындағы ерекше

қорғалатын табиғат аумақтарына министрліктің құзыретінің және өзіне берілген өкілеттіктердің шегінде мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

Комитет сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы ормандардың, аңшылық фаунасының жай-күйіне, ұдайы өндірілуіне, күзетілуіне, қорғалуы мен пайдаланылуына мемлекеттік бақылау жасау органы болып табылады.

2. Комитет пен оның жергілікті жерлердегі органдары өздерінің өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылық қа алады.

3. Комитет пен оның қарауындағы ұйымдар (облыстық органдар құқығында) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес республиканың ормандарын, орман және аңшылық ресурстарын, оларды күзету, қорғау және ұдайы өндіру, ұтымды және сарықпай пайдаланылуын басқару мен бақылаудың бірыңғай мемлекеттік жүйесін құрайады.

4. Комитеттің жүйесіндегі мемлекеттік ұйымдардың ормандарды, аңшылық фаунасын ұдайы өндіру, күзету, қорғау, ерекше қорғалатын табиғат аумақтарын ұстау және дамыту жөніндегі қызметтің қаржыландыру республикалық бюджет қаражатының есебінен орталықтан жүзеге асырылады. Жекелеген шараларды қаржыландыру үшін сондай-ақ жергілікті бюджеттердің, заңды тұлғалардың, азаматтардың (шетелдіктерді қоса алғанда) ерікті құрмалдықтары, отандық және шетелдік инвестициялар тартылуы мүмкін.

Комитеттің аппаратын және оның жергілікті жерлердегі органдарын ұстау Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігін ұстауға республикалық бюджетте көзделген қаржының есебінен жүзеге асырады.

5. Комитет өз құзыретінің шегінде орталық және жергілікті атқарушы органдармен, Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының ғылыми мекемелерімен, басқа ғылыми қоғамдық бірлестіктермен, бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасайды.

Комитет пен оның жергілікті жерлердегі органдарының өздерінің құзыретінің шегінде қабылдаған шешімдерін ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан барлық орман және аңшылықты пайдаланушылардың, сондай-ақ азаматтардың орындауы міндетті.

6. Комитет заңды тұлға болып табылады, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, өзінің атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөрі бар.

7. Комитеттің өз қызметінің аясындағы негізгі міндеттері мыналар болып та б ы л а д ы :

республикада орман және аңшылық шаруашылығын жүргізу, өзінің қарауындағы ерекше қорғалатын табиғат аумақтарының жұмыс істеуі мен дамытылуы мәселелерінде бірыңғай ғылыми-техникалық саясатты әзірлеу және ж ү р г і з у ;

орман және аңшылық ресурстарын күзету, қорғау, ұдайы өндіру, ұтымды және сарықпай пайдалану саласында мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру және ж ү з е г е а с ы р у ;

ормандар мен аңшылық фаунасының жай-күйіне, ұдайы өндірілуіне, күзетілуіне, қорғалуына және пайдаланылуына мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру және ж ү з е г е а с ы р у ;

орманды, аңшылық шаруашылығын және ерекше қорғалатын табиғат аумақтарын дамыту жөнінде басым бағыттарды айқындау, мемлекеттік және ұлттық бағдарламаларды әзірлеу және жүзеге асыру;

орман қоры мен ауланатын жануарлардың мемлекеттік есебін жүргізу, ормандық экологиялық жүйелер мен аңшылық фаунасының жай-күйін бақылау мен болжамдауды жүзеге асыру, орманды пайдалану нормативтерін бекіту;

ормандарды өрттен, ағашты зансыз кесуден, орман зандары мен орман пайдаланудың басқа да бұзушылықтарынан күзету, ормандарды зиянкестер мен а у р у л а р д а н қ о р ғ а у ;

орман ресурстарын ұдайы өндіру, республика аумағының және оның жекелеген аймақарының ормандылығын арттыру, қорғаныштық орман өсіру;

орман және аңшылық шаруашылығын, ерекше қорғалатын табиғат аумақтарын басқарудың экономикалық нысандары мен әдістерін жетілдіру;

аңшылық шаруашылығын дамыту, аңшылық фаунасын күзету және ұдайы өндіру, оның ұтымды пайдаланылуын ұйымдастыру;

ерекше қорғалатын табиғат аумақтарының жүйесін дамыту;

орман және аңшылық шаруашылығын, ерекше қорғалатын табиғат аумақтарын нормативтік-әдістемелік, ғылыми және жобалық жағынан қ а м т а м а с ы з е т у ;

орман және аңшылық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғат аумақтары саласында ғылыми-техникалық ынтымақтастықты және сыртқы экономикалық ба й л а н ы с т а р д ы д а м ы т у .

### 3 . Ф у н к ц и я л а р ы

8. Комитет өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын аумақтарын, орман және аңшылық шаруашылығын дамытудың кешенді бағдарламасын болжамдауды және әзірлеуді жүзеге асырады;

ормандарды топтар мен қорғаныштық санаттарға жатқызу және оларды бір топтан немесе қорғаныштық санаттардан басқасына көшіру туралы белгіленген тәртіппен ұсыныстар әзірлейді және енгізеді;

орман қорының мемлекеттік есебін жүргізуді мемлекеттік орман кадастры мен орманның экологиялық жүйесінің мониторингін жүргізуді, орман және аңшылықты орналастыруды жүзеге асыруды, орман және аңшылық шаруашылығын, ерекше қорғалатын аумақтарды ұйымдастыру мен дамыту жобаларын әзірлеуді ұйымдастырады;

қоршаған ортаны мемлекеттік қорғау органдарымен және облыстық атқарушы органдармен келісім бойынша Қазақстан Республикасының ормандарында басты мақсатта пайдалану үшін ағаш кесу жөнінде есепті кеспе ағаштарды бекітеді;

кеспе ағаш қорын бөледі, сондай-ақ белгіленген тәртіппен қосалқы ресурстарды пайдалану лимитін бекітеді, ормандық ресурстарды дайындауга рұқсат береді;

су қорғауды, алқапты және топырақ қорғауды, санитарлық және басқа да ормандар, функцияларының табиғат қорғауды күшету жөніндегі шараларды әзірлейді және жүзеге асырады;

ормандарды өрттен, ағашты өз бетімен кесуден, орманға зиян келтірудің басқа да әрекеттерінен сактаудың авиациялық және жер үстіндегі күзетін ұйымдастырады;

мемлекеттік орман күзетін, орманды патологиялық қадағалауды және зиянкестер мен аурулардың ошағын есепке алудың жүзеге асырылуын, орманды зиянды жәндіктер мен аурулардан қорғау жөніндегі профилактикалық басқа да шаралардың жүргізілуін басқарады;

ормандық ресурстарды ұдайы өндіру, ормандардың өнімділігі мен сапалық құрамын арттыру, оларды күтіп-баптау, алқап қорғайтын орман жолақтарын құру, құмды жерлерді, эрозияға ұшыраған жерлерді және жайылымдылық алаптарды ормандандыру жөніндегі жұмыстардың ұйымдастырылуын қамтамасыз етеді;

селекциялық және орман питомнігі шаруашылығы негізінде ағаш тұқымы ісін ұйымдастырады және дамытады, сүректі және шілік бұта тұқымдарының тұқымын дайындауды, екпе материал өсіруді ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

ормандық ресурстарды пайдалануға беру, ағаш саудаластығын өткізу, орман пайдаланушыларға орман алқаптарын бекітіп беру, сондай-ақ кеспе ағаш қорын игеру жөніндегі орман шаруашылығының аумақтық органдарының жұмысын ұйымдастырады;

сүректі, кесінді мен сүректің ұсақ тауарлы қалдықтарын қоса алғанда, дайындау мен ұқсатуды, қосалқы ағаш материалдарын орманның тамақ өнімдерін, дәрі-дәрмектік және техникалық шикізатты, сондай-ақ басқа да қосалқы ормандық пайдалануды дайындау мен ұқсатуды, көмекші селолық шаруашылышты дамытуды ұйымдастырады;

барлық орман пайдаланушылардың орман зандарын, ормандар мен орман қоры жерлерін пайдаланудың белгіленген тәртібі мен ережелерін, орман шаруашылығын жүргізу жөніндегі нормативтік-техникалық құжаттарды, ормандық ресурстарды пайдалану саласындағы басқа да нормалар мен ережелерді сақтауы бойынша аумактық органдар мен орман шаруашылығы ұйымдарының мемлекеттік бақылау жөніндегі жұмысын ұйымдастырады және жүзеге асырады;

орман және аңшылық шаруашылығын өндіру мен сату саласында бірыңғай саясат өзірлеу мақсатында саланың дамуының перспективаларының тенденцияларын талдауды, болжамдауды және айқындауды жүзеге асырады;

орманды орман таксасы аудандары бойынша бөліп береді, сондай-ақ өсіп тұрған сүректі босатудың такса бойынша ұсынысын өзірлейді;

өзінің құзыретінің шегінде орман және аңшылық шаруашылығын жүргізу; орман және аңшылық ресурстары үшін жалгерлік төлемдерді қоса алғанда орманды пайдаланғаны үшін төлем тәртібі, ормандар мен аңшылық фаунасына ерттен, өнеркәсіп қалдықтарының, ормандар және жануарлар дүниесі, ерекше қорғалатын табигат аумактары туралы зандарды бұзудан келтірілген зиянның мөлшерін есептеу мәселелері бойынша республика зандарының, нормативтік-құқықтық актілерінің жобаларын жасайды;

ауланатын жануарлардың тұрлерін күзетуді, ұдайы өндіруді және ұтымды пайдалануды, сондай-ақ шетел азаматтары үшін аң аулауды ұйымдастыруды қоса алғанда кәсіпшілік, спорттық-әуесқойлық аң аулауды қамтамасыз етеді;

аңшылық ресурстарын пайдалануға арналған лимиттер мен квоталар бойынша ұсыныстар өзірлейді, бекітілген лимиттер мен квоталарға сәйкес республика аумағында ауланатын жануарларды аулауға құқық беретін рұқсаттар беруді жүзеге асырады;

жануарларды мемлекеттік есепке алу мен кадастры қызметін (аң аулау объектісіне жатқызылған, сондай-ақ орман үшін зиянды және пайдалы жәндіктер бойынша) ұйымдастырады, аңшылық фаунасы ресурстарын түгендеу, аңшылық және орман шаруашылығына зиянын тигізетін жануарлар санын реттеу жөніндегі жұмысты жүргізеді, республика аумағында аңшылық алаптарын аңшылықты пайдаланушыларға бекітіп беру жөнінде ұсыныстар өзірлейді, белгіленген тәртіппен аңшылықты пайдаланушыларға аңшылық алаптары бекітіп беруге, аң аулауға құқық беруге арналған шарттарды жасасады және олардың орындалуын

**б а қ ы л а й д ы ;**

занды тұлғаларға - аңшылықты пайдаланушыларға аң аулауға құқық беретін белгіленген бірынғай үлгідегі аңшылық билет беруді ұйымдастырады және олардың **е с е б і н** **жұрғізеді**;

өзінің қарауындағы мемлекеттік табиғат қорықтарының, мемлекеттік ұлттық табиғат парктерінің, мемлекеттік заказниктердің және басқа да ерекше қорғалатын табиғат аумақтары мен объектілерінің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, олардың жүйесін одан әрі дамыту туралы ұсыныстар әзірлейді;

ормандарды рекреациялық және ғылыми-зерттеу мақсатында пайдалануды **қ а м т а м а с ы з** **е т е д і**;

бүкіл кешенниң ішінде жүргізілетін шаралар бойынша сала кәсіпорындарын жобалық-сметалық құжаттармен қамтамасыз ету үшін жобалау-іздестіру **жұмыстарын** **ұйымдастырады**;

орман және аңшылық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғат аумақтарының жұмыс істеуі саласында басым бағыттарды және аса маңызды ғылыми-техникалық проблемаларды айқындайды, олар бойынша ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және жобалау жұмыстарын жүргізуі, сондай-ақ ғылым, техника және озық тәжірибе жетістіктерін енгізуі **ұйымдастырады**;

салада орман және аңшылық шаруашылығын, ерекше қорғалатын табиғат аумақтарын стандарттар жасау және метрологиялық қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты **ұйымдастырады** және **үйлестіреді**;

орман және аңшылық шаруашылығының аумақтық органдарын және ведомствоның бағыныстағы ұйымдарды белгіленген тәртіппен қаржыландырады;

орман туралы білімдерді насиҳаттау, республика халқын өсімдік және жануарлар дүниесіне аялай қарau, рухында тәрбиелеу жөніндегі жұмысты **ұйымдастырады**;

салада өз құзыретінің шегінде сыртқы экономикалық ынтымақтастық мәселелері жөніндегі жұмысты жүзеге асырады және **үйлестіреді**;

орман және аңшылық шаруашылығының, ерекше қорғалатын табиғат аумақтарының мемлекеттік және қолданылып жүрген зандарға сәйкес өзге де көздердің есебінен қалыптастырылатын материалдық-техникалық базасын дамыту мен жетілдіру жөніндегі жұмысты жүргізеді;

саланы білікті кадрлармен қамтамасыз ету, олардың біліктілігін арттыру жөніндегі шараларды әзірлейді және жүзеге асырады;

салада қауіпсіз жағдай жасау және енбекті қорғауды жақсарту жөніндегі әдістемелік және ұйымдастырушылық басқаруды жүзеге асырады.

9. Комитет өз құзыретінің шегінде:  
атқарылуы міндettі нұсқаулар беруге;

Комитетке жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін статистика органдарынан және тиісті министрліктердің, мемлекеттік органдар мен ведомстволардан, жергілікті атқарушы органдардан бағыныстық және меншік нысандарына қарамастан заңды тұлғалардан, лауазымды адамдар мен азаматтардан белгіленген тәртіппен қажетті есеп деректерін сұрауға және алуға;

белгіленген тәртіппен орман және жануарлар дүниесі, ерекше қорғалатын табиғат аумақтары туралы заңдарды бұзушыларды жауапкершілікке тарту, оларға Қазақстан Республикасының табиғат қорғау заңдарын бұзу арқылы мемлекетке келтірілген залалды өтеу қаражатын мемлекеттің кірісіне өндіріп алу туралы талап шағымын қою туралы жұмысты жүргізуге;

орман және жануарлар дүниесі, ерекше қорғалатын табиғат аумақтары туралы заңдардың талаптарын бұзған жағдайда объектілердің құрылышын салу, қайта жаңарту және өзге шаруашылық қызметін шектеуге, тоқтату тұруға немесе

т ы й ы м с а л у ғ а ;

заңдарда белгіленген жағдайлар мен тәртіpte лицензиялауды жүзеге асыруға;

арнайы уәкілетті органдардың сұраулары бойынша орман, өзге де жабайы ескен және аңшылық ресурстарына экспорт мен импортқа арналған лицензиялар беру туралы қорытындылар беруге;

орман заңдарын бұзғаны үшін залалдың мөлшерін есептен шығару үшін пайдаланылатын аяқталған объектіге, дайын өнім мен қызмет көрсетулерге арналған есеп айырысудың көтерме бағасын белгіленген тәртіппен бекітуге, сондай-ақ орман тәртібін бұзғаны үшін және жануарлар дүниесі туралы заңдарды бұзғаны үшін айыпұл санкцияларының мөлшерін (өзгерісін) белгілеу туралы

ұ с ы н ы с т а р ә з і р л е у ғ е ;

бағаларды индекстеу туралы мемлекеттік статистика деректерінің негізінде орман алаптары жерін ауыл шаруашылықтың емес мұқтаждарға алу кезінде орман шаруашылығы өндірісі шығынын өтеудің нормативтерін нақтылау туралы белгіленген тәртіппен ұсыныс енгізуғе;

орман, аңшылық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғат аумақтарының жұмыс істеуі және оларды дамыту саласында бағдарламалар, жобаларды жасау үшін ұйымдарды, ғалымдар мен мамандарды тартуға;

нормативтік актілерді жасау, өзге де проблемаларды қарау жөнінде топтар мен комиссиялар құруға, өз қызметінің мәселелері бойынша конференциялар, кеңестер, семинарлар шақыруға және өткізуғе;

орман, аңшылық шаруашылығы саласында, ерекше қорғалатын табиғат

аумақтарын дамытуды бірлескен халықаралық бағдарламалар жасауға қатысуға, өз құзыретінің шегінде белгіленген тәртіппен шет елдердің текстес органдарымен, халықаралық ұйымдармен шарттар, келісімдер жасасуға;

белгіленген тәртіппен аумақтық органдарын, орман және аңшылық шаруашылықтарының, ерекше қоргалатын табиғат аумақтарының ұйымдарын құру, қайта ұйымдастыру және тарату, қызметтің осы салаларында басқару құрылымы мен мемлекеттік бақылауды жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізуге;

саланың мемлекеттік ұйымдарына қатысты уәкілетті орган болуға олардың жарғылары мен ережелерін бекітуге, оларға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің функциясын жүзеге асыруға;

орман, аңшылық шаруашылығы және ерекше қоргалатын табиғат аумақтарының мәселелері бойынша өз құзыретінің шегінде халықаралық деңгейде Қазақстан Республикасының мұддесін білдіруге;

республикалық бюджеттен қаржыландырылатын орман, аңшылық шаруашылығы және ерекше қоргалатын табиғат аумақтарының мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық, жобалау-іздестіру және өндірістік жұмыстарда мемлекеттік тапсырысшы ретінде іс-қимыл жасауға;

өз құзыретінің шегінде мемлекеттік меншіктегі мүлікке иелік етуді, оны пайдалануды және билік жасауды жүзеге асыруға;

министрліктермен, өзге де атқарушы органдармен, ұйымдармен хат жазысуға және өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша орталық атқарушы органдарға ұсыныстар енгізуге құқығы бар.

## 5. Қызметтің ұйымдастырылуы

10. Комитет пен оның ұйымдары Орман және аңшылық шаруашылығы Комитеттің біртұтас жүйесін қурайды.

11. Комитетті Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындастын және қызметтен босататын Төраға басқарады. Комитеттің төрағасы сондай-ақ лауазымы бойынша Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік орман инспекторы болып табылады.

Комитет төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі қызметке тағайындастын және қызметтен босататын орынбасары болады.

Комитеттің орман шаруашылығы мәселелерімен шұғылданатын жетекші құрылымдық бөлімшесінің басшысы лауазымы бойынша Қазақстан Республикасының Бас орманшысы болып табылады.

12. Комитеттің төрағасы Комитеттің жұмысын ұйымдастырады және

Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуы мен өз функцияларының жүзеге асырылуына дербес жауап береді.

13. Комитет төрағасы осы мақсатта:  
өзінің орынбасары мен Комитеттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен жауапкершілігі дәрежесін айқындайды;

Комитет қызметкерлерін, республикалық бағыныстағы мемлекеттік табиғат қорықтарының және мемлекеттік ұлттық табиғат парктерінің, "Охотзоопром" өндірістік бірлестігінің және басқа да ұйымдардың бірінші басшыларын, ведомствоның бағыныстағы орман және орман аңшылық шаруашылықтары басшыларының орынбасарларын, бас орманшыларды, бас инженерлерді, бас аңшылықты жүргізушілерді және бас бухгалтерлерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрімен келісім бойынша облыстық орман шаруашылығы бірлестіктері мен мемлекеттік ұлттық табиғат парктерінің бас директорларын қызметке тағайындауды және қызметтен босатады;

тәртіптік шаралар қолданады;

өз құзыретінің шегінде бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;  
белгіленген адам саны мен еңбекке ақы төлеу қорының шегінде Комитет аппаратының штат кестесін, сондай-ақ Комитеттің қарауындағы аумақтық органдар мен республикалық бағыныстағы ұйымдардың құрылымын, ережелері мен жарғыларын бекітеді;

Комитетке ведомствоның бағыныстағы аумақтық органдардың және республикалық бағыныстағы ұйымдардың басшыларымен жалға алу жөнінде келісім-шарттарға қол қояды;

өз құзыретінің шегінде Комитетті қолданылып жүрген заңдарға сәйкес мемлекеттік органдар мен ұйымдарды білдіреді;

өзінің құзыретіне жатқызылған басқа мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

14. Орман, аңшылық шаруашылығында және ерекше қорғалатын табиғат аумақтарының жұмыс істеуінде, ғылым мен техниканың негізгі бағыттары бойынша ұсыныстарды қарау, ғылыми негізделген бірыңғай техникалық саясатты айқындау, өндірісте отандық және шетелдік ғылымның, техника мен озық тәжірибелің ең жаңа жетістіктерін пайдалану жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу үшін Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінде ғылыми-техникалық кеңес құрылады.

Ғылыми-техникалық кеңес туралы ережені және оның құрамын Комитет төрағасы бекітеді.

15. Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің мемлекеттік орман құзеті жүйесінің қызметкерлері айырым белгісі бар нысанды киім-кешекпен және бірыңғай үлгідегі қызмет куәлігімен қамтамасыз етіледі.

Нысанды киімдердің сипаттамасын, оны берудің нормасын және аталған киім-кешекті киіп жүргүгө құқығы бар қызметкерлердің лауазымдық санаттарының табелін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

16. Мемлекеттік орман құзетінің қызметшілері белгіленген тәртіппен қызметтік-штаттық қарумен қамтамасыз етіледі.

17. Комитеттің қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жүргізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК